

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2026

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2026

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының
қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 26.06.2026 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Евразийского гуманитарного
института имени А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 26.06.2026 г. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 26.06.2026 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS		
АЙДАРБЕК Қ.Ж. ИМАНБЕРДИЕВА А.Б. АККУЗОВА А.А.	Қазақ ғылыми терминологиясындағы терминэлементтер жұмсалымының танымдық тетіктері	7
АЛТАЙ А.А. АБЫЗОВА А.М.	Лингвистикалық интеллект: ғылыми категория ретінде	23
BAZARBEKOVA D.M. KURMANOVA Z.K. AKHMETOVA B.Z.	Frame modeling of the «Ulytau» concept	32
БАЛТАБАЙ Д.Ә.	«Шежіре-и теракима» еңбегінде кездесетін кейбір топонимдер мен этнонимдердің этимологиясы	44
YESSENBAYEVA A.E. ҮБЫРАЙҰМ А.О.	Linguistic mechanisms of implicit evaluation in Kazakh and English media discourse	56
ЕСКЕРМЕСОВА Г.А. ЕРМЕКОВА Т.Н. ШОЙБЕКОВА Ғ.Б.	Этномәдени бірліктердің жасанды интеллект арқылы аударылуы: машиналық аудармалар және оның сапасын бағалау	66
ЖАРКЫНБЕКОВА Ш.К. ШАХПУТОВА З.Х.	Репрезентация семейных ценностей в автохтонном художественном дискурсе	78
KORBOSSYNOV B. K. BORANBAYEV S. R. SERKEBAYEVA G.Y.	Tudy of the law of singormanism in Turkic languages	88
КУЛЫНТАЕВА Т.Б. ДЖАМБАЕВА Ж.А. НУРГАЗИНА А.Б.	Қазақ тіліндегі «уақыт» концептісі: семантикалық өріс және тілдік репрезентация	102
ҚАМБАРОВА Б.Ғ. БЕЙСЕНБЕКОВА Г.Т. ШАДИЕВА Н.Х.	Жас когорталарының (X, Y, Z, Alpha) әлеуметтік желідегі коммуникативтік ерекшеліктері	114
ҚАПАЛБЕК Б.С. АЛПЫСБАЙ Ә.Р. ТҮРКБЕНБАЕВА М.Ж.	Жыйырманшы деп жазу қай норма?	126
ҚҰСАЙЫНОВА Ж.А. НАСЫРИТДИНОВА Ә.Н.	«Сенімсіздік» модальді реңкінің мәтіндегі көріністері	136
САГИДОЛДА Г.	*Қазіргі түркі тілдеріндегі бас киім атауларының атауыштық-уәждемелік және лингвомәдени сипаты	148
САДЫҒҰЛ Т.Қ. ЕРҒАЛИЕВА С.Ж. УАЙХАНОВА М.А.	Особенности интернет-дискурса в цифровом пространстве Казахстана	159
SULTANOVA S.M. MUKHTAROVA S.S. TOXANBAYEVA T.ZH.	Ethnocultural specificity of suffixal word formation in Russian, Kazakh, and English: on the question of the linguistic worldview	171
ХАИРЛАЕВА Г.Ж. АСАНБАЕВА С.А.	Қазіргі мәдениетаралық коммуникация контекстіндегі қоғамдық-саяси аударма: әлеуметтік-лингвистикалық аспекті (қазақ-орыс тілдері материалдары негізінде)	183

ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES		
АЙМУХАНБЕТОВА М.Е. КАРТАЕВА А.М. БИЯРОВ Б.Н.	*Киелі Алтайдың табиғаты мен топонимикалық аңыздарының көркем шығармадағы көрінісі	193
АМИРОВА Л.Т., ТАНЖАРИКОВА А.В.	Мистикалық әңгімелердегі акустикалық детальдың қызметі	203
ГАЗИЗОВ Г.Д. КЕМЕҢГЕР Қ.Р.	*Кеңес дәуірі әдебиетінде Алаш арыстарының көркем бейнесі (С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Мұқанов шығармалары бойынша)	212
ЛАПШИНА Н.В. РАДЧУК О.А.	Особенности перевода стилистических средств в художественном произведении (на материале повести Джека Лондона «Белый клык»)	220
МУСАБЕКОВ К.А. КОШИКБАЕВА Г.Д. АЛТЫНБЕКОВ Ш.Е.	Абсурд – художественный метод в пьесе Дулата Исабекова «Ескерткіш операциясы»	230
СӨМЕНҚЫЗЫ Ұ. ҚҰЛБАРАҚ С.О. САМБЕТОВА Г.	М.Х. Дулати мұралары академик Ә.Дербісәлі зерттеуінде	240
СОЛТАНАЕВА Е.М. ӘБДИМАНҰЛЫ Ө. ШОРТАНБАЙ Ш.	М. Жұмабайұлының шығармашылығы деколониялық дискурста	250
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б. САМАТОВА Ш.Ө.	Қазақ әдебиетіндегі постмодернизм: поп-арт пен тұрмыстық заттар эстетикасы	260
JURKOWICZ PH. SAILAUKYZY A. TUSSUPOVA G.B.	Alash heritage in national brand formation: a literary, journalistic and intellectual perspective	271
ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ / МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ / METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE		
ҚАЛЫБАЕВА Қ.С. ЗАЙСАНБАЕВ Т.К.	А. Байтұрсынұлының сауат ашу құралдары және әдістемесі	280
МҰХАМАДИ Қ.Т.	Монотілді балалардың оқу процесіндегі тілдік кедергілері	291

*Л.Т. АМИРОВА¹ А.В. ТАНЖАРИКОВА² Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан^{1,2}(e-mail: amirova_lt_86@mail.ru¹, alua1973@mail.ru²)

МИСТИКАЛЫҚ ӘНГІМЕЛЕРДЕГІ АКУСТИКАЛЫҚ ДЕТАЛЬДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. Зерттеуде мистикалық әңгімелердегі детальдың қолданысы, қызметі сынды мәселелерге тоқтала отырып, авторлар деталь түрлеріне ерекше мән береді. Соның ішінде дыбыстық (акустикалық) детальдың мистикалық фон, атмосфера берудегі рөлін анықтап, мәтіндік талдаулар арқылы ажыратуды мақсат етеді. Акустикалық детальдың мистикадағы тартысты ширатып, кейіпкердің психологиялық көңіл-күйімен қатар, фобиясын (үрей, қорқыныш) көрсетудегі маңызы сарапталады. Детальдың осы түріне қатысты ғылымда айтылған еңбектерді кеңінен қарастыра отырып, ғылыми пайымдаулардың негізінде дыбыстың адам ағзасына, жүйке жүйесіне тигізетін әсерін деталь арқылы көрсетіп отырады. Ганс Дженни, Ганс Кайзер, Дон Кэмпбелл, Мэннерс, Ричард Левитандар дауыстың адамның жан-дүниесіне, ойлау жүйесіне, жалпы денсаулығына тигізетін оң әсерін көрсеткенін ескере отырып, авторлар дауыстың акустикалық деталь ретіндегі мистикадағы рөліне алғаш болып талдау жасайды. Нәтижесінде дыбыстық детальдың мистикада атқаратын қызметі нақтыланады.

Түйін сөздер: мистика, акустикалық деталь, дыбыс, тон, үрей, қорқыныш

Кіріспе. Әлемде танымал зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, дыбыс – материяның бастауы. Ежелгі халықтар: тибеттіктер, шумерлер, үнділер дыбыстың энергетикалық орталықтармен тығыз байланысын, дауыстың адам денсаулығына әсерін ерте заманда біліп, мантра т.б. түрінде дамытып, әлі күнге қолданып келе жатқандығы соның көрінісі. Олардың түсінігінде, жаратылыстағы нәрсенің бәрі дыбыс тербелісінен, жаңғырықтан тұрады. Үнді ойшылдарынан қалған «бүкіл ғалам дегеніміз – дыбыстар» деген пайымының да жаны бар. Ричард Левитон да «әлемдегі нәрсенің бәрі, тіпті, бос кеңістіктің өзі тербеліп тұрған дыбыс» деп танып, тұтас табиғат дыбыстардың ұланғайыр диапазонында тербеліп тұрғанын пайымдаған [1]. Ғалымның бұл байламының растығын зерттеушілер фотоакустикалық спектроскопия әдісі арқылы өсімдіктердің де өзіне тән акустикалық сигналдар шығаратынын дәлелдеген. Мысалы, бүр жарған райхан гүлінен тіркелген дыбыс орган аспабының үніне ұқсас болып келсе, тербелген тың даласындағы дәнді дақылдардың масақтары да ерекше дыбыстық тербелістер шығаратыны байқалған. Бұл құбылыстардың негізінде әрбір атом мен молекуладан тарайтын жеке дыбыстардың қосылып, күрделі әрі үйлесімді гармониялық жүйе түзетіні анықталған.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Детальдың көркем шығармадағы атқаратын қызметі әдебиеттану ғылымында жан-жақты зерттелді. Г.Сатылханова детальдың эстетикалық, символикалық-семантикалық, психологиялық-эмоциялық қызметін айқындаса [2], Ж.Аймұхамбет детальдың қызметі арқылы қаламгердің поэтологиялық кеңістігін айқындау нәтижесінде психологиялық және символикалық түрлерін ажыратып көрсетеді

[3]. Бір топ зерттеушілер мәтін структурасындағы макро және микро детальдарды анықтау арқылы мағыналық-символикалық мәнін зерделейді [4]. Ал дауыстың акустикалық деталь ретіндегі мистикадағы қызметіне тоқталмас бұрын, жалпы оның ғылымдағы зерттелуіне үңілгенде, Ганс Дженни, Питер Гай Мэннерс, Ричард Левитон, Джонатан Голдманның т.б. сүбелі ой-пікірлері мен ғылыми, танымдық еңбектеріне назар аударамыз. Себебі, олар дауыстың адам өміріндегі маңызына, денсаулығына пайдасына тоқталып, қасиетін жан-жақты ашып көрсеткен.

Негізінде дыбыспен емдеудің бес мың жылдық тарихы бар. Дыбыстық терапия адам ағзасына тікелей әсер етеді. Ағза орта есеппен 60 пайыз судан тұрса, ал су тербелісті қабылдап, тасымалдайтыны тағы белгілі. Адамның есту жүйесінің сезімталдығы секундына 16-дан 20000 дірілге (герц) дейін ауытқыса; адам құлағы 1000 және 5000 гц аралығындағы орташа жиіліктегі дыбыстарға сезімтал келеді екен.

Швейцариялық ғалым Ганс Дженни дыбыстың материяға тигізер әсерін індете зерттеді. Ол дыбыстық тербелістер генераторы және жоғары дәлдікпен суретке түсіретін құралдың көмегімен материяның түп негізінде дыбыс толқындары жататынын анықтады. Бұл жаңашыл ғылым саласын «киматика» деп атап, сан түрлі тәжірибелер жүргізді. Өртүрлі заттар – мысалы, құм, темір үгінділері, лицоподиум ұнтағы мен сынап – музыка немесе басқа да дыбыстар шыққанда ерекше реакция білдіріп, қозғалысқа түсетінін бейнежазбаға түсіріп алған. Дженни дыбыстың жиілігі мен ырғақтарының әсерінен темір тақтада пайда болатын симметриялық әрі геометриялық өрнектерді мұқият бақылап, сипаттап жазды. Байқалған заңдылық бойынша, дыбыс жоғарылаған сайын бұл өрнектер де күрделене түскен. Ғалымның ойынша, бұл құбылыс табиғаттағы тірі құрылымдардың, соның ішінде адамның денесі мен жасушаларының дыбыспен тікелей әрі тығыз байланыста екенін көрсетеді. Осылайша, Дженни киматика ғылымы арқылы дыбысты емдік мақсатта қолдануға болатынын дәлелдеді [5].

Дон Кэмпбелл: «Бір немесе басқа мүшеде вибрация тудыру арқылы дауысты дыбыс оны белсендендіреді және энергиямен толтырады. Осы дауысты дыбыстың үніне байланысты «соққы нүктесі» туындайды. Медицина дауыс күшінен басқа адам ағзасын қанмен қамтамасыз етудің, оттегімен қанықтырудың және энергия ағынын толықтырудың қауіпсіз және жылдам әдісін білмейді» деп жазса [6]; Мэннерс дыбыстық тербелістерге негізделген арнайы киматикалық құрылғы жасап шығарды. Бұл құрылғы арқылы дәрігерлер науқастың денесіне дыбыстық сигналдар жіберіп, ем жүргізе алады. Ғалымның пікірінше, адам ағзасындағы дерт ішкі тербелістердің үйлесімі бұзылғандықтан пайда болады. Адам организмі ішкі мүшелер мен жасушалардан тұратын күрделі вибрациялық жүйе іспетті. Осы үйлесімді дыбыстық тербелістерді қалпына келтіру арқылы денсаулықты жақсартуға болады. Осыған байланысты, ағзаның ішкі дыбыстық үйлесімділігін қалпына келтіру арқылы адам денсаулығының жай-күйін тұрақтандыруға және жақсартуға болады. Құлаққа жағымды әрі жайлы дауыстың адам ағзасын қандай да бір аурудан құлан-таза айықтырып жіберетін қасиетін бірқатар зерттеушілер дәлелдеген. Соның ішінде тоника – дауысты пайдалану нұсқасының бірі. Левитонның пікірінше, тоника – дауыстың көмегімен энергияны чакраға жіберудің қарапайым да тиімді тәсілі. Дәлел ретінде тониканың – туа бітті дененің үні екенін ашып, оны емдік мақсатта ғана қолданып жүрген Лорель Элизабет Кейстің оқиғасын келтіреді. Кейс оқиғасы арқылы біз дыбыс ағынына шайыну, тәннің даусы деген ұғым-түсініктермен таныс боламыз және тоника – дауыстың көмегімен денені қоректендірудің тиімді тәсілі екенін ұғамыз.

Өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарында неміс ғалымы Ганс Кайзер ұмытылып бара жатқан овертондар (гармония) туралы ғылымды жаңғырта отырып, әлемдік гармоника теориясын жасады. Кайзер дыбыс пен санның арасында жатқан заңдылықтарды зерттеді. Кайзер теориясы натурал сандардың қатынас принципі тек музыканың ғана емес, көптеген ғылымдардың (химия, физика, астрономия, т.б.) негізі екенін айтады [7].

Ғылымдағы дауысқа қатысты осы еңбектерді ескере, басшылыққа ала отырып, мистикалық туындылардағы дауыстың қолданылу реттілігі мен қызметін анықтау

бағытында жинақтау, талдау, эмпирикалық әдістерді қолдандық. Жинақтау әдісі арқылы мистикада дауыстың қандай түрлері жиі қолданылатындығын айқындасақ, талдау әдісі арқылы бұл дыбыстардың эмоционалдық, психологиялық әсері қандай болатындығы мәтіндік талдаулар негізінде ажыратылды. Эмпирикалық әдіс арқылы мистикадағы қорқынышты, шыңғырған дауыстың көп жайдайда әйелдер қауымы тарапынан болатындығы анықталды. Сонымен бірге, мистикада кейіпкер ретінде тек адамзат баласы ғана емес, жануарлардың да даусына символдық мән жүктелетіндігі айқындалды.

Көркем шығармадағы акустикалық деталь мен дыбыстық деталь адамның естуі арқылы қабылданатын барлық элементтерді қамтитын ортақ ұғым ретінде алынып отырады. Талданған әңгімелерде көркем кеңістікті сипаттайтын дыбыстық орта, шу, үн, дауыс, фон т.б. поэтикалық құрал қызметін атқарады. Ал тар мағынасында акустикалық сипатына қарай нақты бейнелеу құралы ретінде (жаңғырық, өксік, әуез, қарқын, тембр) көркемдік қызмет атқарса; дыбыстық тұрғыда нақты дыбыс (сыңғыр, сыбдыр, сықыр, тарсыл) арқылы образдық-мағыналық қызмет атқарады. Демек, акустикалық деталь ұғымы кең категория; ал дыбыстық деталь мәтін мазмұнында бейнелеуіш бөлшек ретінде жұмсалады.

Талқылау мен бақылау. Мистикалық әңгімелерде дауыстың түр-түрі кездеседі. Шыңғыру, жылау, зарлану, өксу, бақыру, сыңсу, еңірегенде шығатын дауыстар көбіне әйел адамдар тарапынан орындалатындығына мистикалық әңгімелерден көптеп мысалдар келтіруге болады. Жазушы Т.Ахметжанның «Қылбұрау» әңгімесінде жаны таза, жас жігіт Зил, Алдияр сынды «бизнесмен-рэкетиерлердің» торына шырмалып, басы байланды. Тұнығы лайланып, мөлдір махаббатынан айрылды. Ақшаның буына желігіп, мастықпен өткізіп жүрген өмірінің қор екенін жақсы түсініп, білсе де, кетіп қалуға еркі жоқ, тәуелді. Ақшамен, өтірікпен, әзәзілдікпен шырмалған. Сүйген Маржанын өз қолымен жауыздарға берген соң, белгісіз, беймәлім, мазасыз күйге ұшырады. Ештеңе де жанына жылылық сыйламады. Уыстап тапқан ақшасын тезірек құртуға асықты. Радиодан Маржантайының «Ақ құс» атты күйін естігенде көкірек тұсы тамырлары бытырлап үзіліп жатқандай күй кешіп, көзіне дөңгеленіп жас келді. Көз алдына келген қыз бейнесі жанын диірмен тасындай жаншыды. «Күй әуенінен көктемгі жұмсақ самалдың лебі есетін сияқты. Міне, бозторғай шырылдап тұр. Күннің мейірленген нұрлы шуағы беттен өпкендей. Аспанда аппақ мақта бұлттар қалықтайды. Мамыражай тыныштық. Көңілің көкке шарықтайды. Кенет аяқ астынан құйын көтерілді. Ертіс долдана буырқанып, бура толқындары жынын шаша жынданып барып жағадағы жартастың сұсты бетіне былш-былш соғыла бастады. Дүние астаң-кестең... әлемтапырық... Әлдебір суық қолды сұм мергеннің улы жебесі тура қадалған жаралы аққу асау толқынның үстіне былш-былш соғыла бастады. Дүние астаң-кестең... жаралы аққуды есірік толқындар жартасқа апарып жаншылай ұрды» [8, 214]. Талантты, композитор, дарынды скрипкашы қыздың жүректен шыққан туындысы Еділдің тұла бойын ара шаққандай дуылдатып, көзіне ыстық моншақ жас тығылды. Сол моншақ көз алдын бұлдыратып, буалдыр дүниеге батырып, жұтқыншағына тас боп түйіліп, өксікке тұншықтырды.

Әңгіменің бар тұздығы осы сөйлемге метафораланып сыйып кеткендей: суық қол – Зил тобы болса; сұм мергеннің улы жебесі – Алдияр жігіттерінің қызды зорлауы; жаралы аққу – ары тапталған Маржан; асау толқынға үстіне былш-былш соғылып, мылжа-мылжасы шыққан Еділ болатын. Еске алудың өзі қиянатқа айналған түнде Еділ сүйгені Маржанды өз қолымен Аюлының аузында Қаражартастың басына апарып берді. Салдары белгілі еді. Осы түн көздеріндегі жылуды сөнген күлге; кеуделерін күйдіріп, көкіректерін шаттыққа толтырған жастық отын қоламтаға айналдырды. Қара түннің қатігез қанжары екеуін байлап-матап тұрған сезім қылын қақ бөлді.

Шыңғырған қыз даусынан есін жиғанда жас тоқтыны ортаға алған аш қасқырдай үш жігіттің өңмең қағып, қызды тыпырлатып жатқанын көрді. Қыз үстіндегі киімдері дар-дар айырылған сайын бір-бірлеп қабырғалары сөгілгендей қинала тістенеді. Әңгімеде акустикалық детальмен бірге кейіпкердің психологиялық сезімі тұтасып кеткен. Әрбір шыққан дауыс, дыбыс оның аза бойын қаза қылды. Себебі, осының бәріне кінәлі сатқындық

жасаған өзі болатын. Акустикалық деталь – қыз тағы шыңғырды. Булыққан, тұншыққан, өксіген, жалынған, ашынған, ышқынған, күдер үзген қыз үні. Қыз ұз-а-ақ шыңғырды. Ботадай боздады. Өксіді. Үнсіз егілді... Қыз дауысын естіп буырқана долданған Ертіс көк жал толқындарын жартасқа былш-былш ұрғылайды [8, 227]. Яғни, автор қиналған қыз даусы арқылы оқырманды кейіпкердің жанына жақындатып, сол оқиға болған ортаға, мекенге енгізеді. Сол арқылы, деталь шығарманың шынайылығын арттырады деген байлам жасауға жетелейді.

Өткенін ойласа бастығырылып жатып жаман түс көргендей үзік-үзік суреттер көз алдынан өткенде өне бойы тітіркеніп қоя береді. Деталь – ботадай боздаған қыз даусының құлағының түбінен біздей сұққылап кетпей қоюы. Қайда тығылса да осы зарлы үн қыр соңынан қалмады. Қайда барса да жүрегіне қанжардай қадалған ащы дауыстан құтыла алмады, иығынан жүк, жүрегінен тас түспеді, сананы тырнаған мысық-ойдан арылмады, бойын бұған жындар басылмады. Құлақ түбі шың ете түседі де, таныс үн боздап қоя береді. «Жақын жерден әлдекімнің демін сезді. Тура жон арқасынан өткір бірдеңе қадалғандай. Шеке тамыры білеуленіп, тынысы жиіледі. Бет терісі тыржың-тыржың етті. Бойын беймәлім күш буып, көзі қанталап барады» [8, 210].

Құлақ түбінен уақ-уақ шыңғырған қыз дауысы жаңғырығып, миына біз сұққылайды. Тіпті соңғы уақытта түсінен шықпайтын болды. Концертке киетін ұзын ақ бүрмелі көйлегін киіп, бұған жымиып қолын созып, ынтыға құшақтағысы келгенде жер қақ айрылып, шыңырауға құлап бара жатады. Жігіт те артынан секірейін десе, жүрегі дауаламай, тек тік жардың түбіндегі түпсіз тұңғиыққа тесіле қарап тұрады. Содан қиналып, жүрегі аузына тығылып, сандырақтап шошып оянады. Қорқынышты түстің салдарынан көкірегіне балқыған қорғасын құйғандай күйіп-жанып дөңбекшиді. Ғылымда шыңғырған, ащы дауыс адамның жүйке жүйесінде күшті кернеу туғызады да, нәтижесінде эмоционалды әсерді күшейтеді. Жас сұлудың суицид жасауына себепкер болған жігіттің бойындағы туындап жатқан әсер, сезімдер де ұзақ уақыт құлағынан кетпей қойған зарға, өксікке толы қыз дауысымен байланысты. Дауыстың күштілігі соншалық Еділ өмірін ырғағынан жаңылдырып, күйзеліс, мәнсіздікке алып келеді.

Жазушы Қ.Мұбарактың «Сүйек» әңгімесіндегі дауыстың берілуі туындының психологиялық қана емес, мифологиялық сипатын да арттыра түскен. «Кеш бата «мені алып кетіңдерші... мені жалғыз қалдырмашы» деп үздіге, сұңқылдап жылайтын әйел дауысы естіліп тұрады десетін жұрт, ол маңға барудан қашатын. Бергі отыз жылдан бері онда ешкім де ат ізін салмаса керек-ті. Әлде бір бейбақтың зарлаған үні ол маңға барғандарға маза бермейді деп отыратын үлкендер» [9, 184]. Отыз жыл бойы айтылып, естіліп жүрген осы дауыстың шындық немесе елес екенін ешкім білмесе де, ел бұл жерден қорқатын. Осы үздіге шығып, сұңқылдап жылайтын дауыстың өзі бұл кеңістіктің сиқырлы сипатын арттырып, ашылу керек шындықты жеткізуге асығады. Қорқынышты әңгімелерде (ертегі, аңыз) кездесетін кеш батқанда естілетін, жылаған әйел даусы, маза бермейтін зарлаған үн, ол маңға барудан қашатын жұрт сынды тіркестер үрей атмосферасын қалыптастырады. Және әрі қарай не болар екен деген сұрақ көкейді тесіп, жауабын күтеді. Яғни, бұл акустикалық деталь – шындықты ашуға, болмаса жазушыға оқиғаны кеңінен баяндауға мүмкіндік беріп, сюжет шымырлығын арттырады.

Расында бұл қақаған қыста бала үстінде қайтыс болған Еркенің даусы-етін. Жолдасы Есен қойшы болып, ақтүтек боранда бір қора қойы ығып кетіп, дәл сол күні әйелі Еркенің толғағы қатар келіп, бірақ босана алмай, қаза тапқан. Қыстың күні көк тоңды қаза алмағандықтан, денесін аманаттап, тас қораның іргесіне қойып, өзі елге жетуге асығады. Бірақ өзіне берілген колхоз малының құлама құздың түбінде үйме-жүйме болып үйіліп қатып қалғаны үшін тоңмойын, қатігез басшылықтың аярлығынан отыз жылға сотталып, еш сұрақ-жауапсыз ауыр жаза майданына айдалып кете барады. Ауыр еңбекпен өзгерту алаңында ол отыз жыл бойына азапты күн кешті. Себебі, көз алдынан Еркенің елесі бір кетпей, әр түні жанына келіп: «Мені алып кетші, мені... жалғыздықтан жабықтым... мені алып кетші!» деп еңіреумен болады [9, 191]. Есен отыз жылын өткеріп, еліне келіп,

марқұмның жаны жай тапсын деп, ауыл маңындағы қорымға әкеп жерлегеннен кейін, бұл маңдағы түнімен жылап шығатын әйел даусы тыйылады. Автордың «Тораңғылы сиқыры» әңгімесінде де: «Құлағыма «мені құтқаршы... босатшы мені...» деген қыздың жалынышты даусы естілді» [9, 53]. Мистикалық әлемнің өзіне тән тілі болатынын мистиктер ескертіп отырады [10]. Осы тұста біз Ганс Дженнидің дауыс бұл хаос емес, реттелген динамикалық үлгі деген пайымының ақиқаттығына ден қоямыз. Талдау объектісіне алынған әңгімелердегі әйел даусы Дженни тұжырымымен үндеседі, яғни жай дауыс емес, белгілі бір мағыналық құрылымға ие, хабат жеткізуші код қызметін атқарады. Қазақ мифопоэтикасында жерленбей қалған аруақтың рухы мазасызданады деген таным, түсінік қалыптасқан. Аруақ үні әңгімелерде зар, жоқтау, боздау, еңіреу пішінінде берілген.

Жазушы Д.Қуаттың «Мұң» әңгімесі – тақырыбынан аңғарылып тұрғандай, оқырман санасына ауыр салмақ салатын, психологиялық мәні терең шығарма. Мұнда дауыс – эмоциялық атмосфераны күшейтумен шектелмей, құпия сырын ашып, суицид жасамақшы болған жанның терең психологиялық жарасын көрсетеді. Адам сенер-сенбес жағдайда құлағына анық келген дауыс тылсым тереңіне жетелейді. Елес немесе шындық екені белгісіз осы дауыс мазасын алып, жанұшырып досының үйіне жетеді. Елес дейтініміз – дауыстың түсініксіз кезеңде келуі, оған кейіпкердің өзі күмәндануы. Бірақ ішкі интуициямен досының басына түскен ауыр жағдайды сезінді, түсінді. Мүмкін бұл – шынайы достар арасындағы рухани байланыстың көрінісі. Дыбыс арқылы трагедияны сезініп, бірден әрекетке көшуінің нәтижесінде қайғының алдын алады. Бұл мистикалық әңгіменің кілті де өзегі де – дауыс. Сол дыбыс арқылы санасыз күйде әрекет етіп, үрей мен қорқыныш бойын жайласа да, дауыстың жетегінде кетеді. Автор мұнда акустикалық детальды өмір мен өлімнің арасындағы белгі ретінде алады.

Адамның лимбикалық ми жүйесінде орналасқан амигдала (миндалина) қорқыныш, үрей сынды эмоционалдық реакцияларын бақылауда ұстайтын маңызды қызмет атқарады. Ол бірнеше миллисекунд ішінде адам қорқынышын анықтап, бұлшықетті ширықтырып, жүректі жиірек соқтырады. Міне, сол ми қабығындағы амигдала дауыс арқылы қауіп сигналын туғызып, кейіпкер селк етіп шошып оянып, «fight or flight» («қаш немесе күрес») жүйесі іске қосылады. Сол сәтте досының бойында қорғаныс реакциясы пайда болып, ол ышқынып Дарынның үйіне қарай жүгіреді. Бәрі буалдыр, бәрі тұман, түк түсініксіз кезеңде естілген дауыстың не жұмбақ екенін түсінбей, жүрегі суылдап, дегбірі қаша бастайды. Асып-сасып, жығылып-сүрініп жүріп, қызыл асықтан шылпылдата су кешіп, дедектеп досының үйіне қарай асығады. Әлдебір түсініксіз сезімдер иірімдей иіріп, қақпақылға салып, дедектетіп, сүйрелеп әкетіп барады. «Жын қаққандай жеті түнде ербиіп жетіп келгенімді көріп, көзің атыздай боп жүре ме» [11, 145] деген сансыз сұрақтар мазаласа да, шақырғаны да белгісіз, бірақ құлағына анық келген дауыс дегбірін алып, жеткенше асықты. Оң мен түстің арасындағы бұл шақырысты неге жорырын білмеді. Ойынша, досы мұны іздеп, мазасызданып, қысылып жатқан сияқты сезім жетегінде келеді. Жетсе, үйдің қақпасы да, есігі де шалқасынан ашық, бірақ тас қараңғы. Бір сұмдықтың болғанын сезіп, жүрегі суылдап, екі аяғынан әл кетіп, бастырмай қалды, теңселіп біраз тұрды. «Дарын! – деді дауыстап. Үні дірілдеп әрең шықты. Ішке кіруге әлдеқандай күш жібермей тұр. Қорғасындай зіл тартқан аяғын әрең көтеріп, босағадан аттады. Тым-тырыс. Жарықты қосуға жүрегі дауаламай біраз тұрды. Жарық қосылса біреу өзін бас салатын сияқты. Маңдайынан сұп-суық тер шықты. Түймешікті ұстаған саусағы дірілдеп кетті. Сонда да әл-дәрменін бойына жиып, түймешікті басты-ау әрең...көзі бірден төр алдында бүрісіп, қырын қарап отырған Дарынға түсті. Қолында мылтық. Ұңғысын маңдайына тіреп алыпты... Тасқынның төбесінен біреу тастай суды ақтара салғанлай денесі мұздап сала берді. Бір сөз айтудың, бір адым алға басудың өзі қиямет-қайым. Үй ішін өлім есірігі жайлап алғандай» [11, 145].

Мистик жазушы М.Мәліковтің эмоциялық фон жасау мақсатында акустикалық детальды енгізген шеберлігі «Бассыз бөрі» шығармасының экспозициясынан байқалады. Әңгіме кіріспесін бірден дыбыстық элемент арқылы, кейіпкердің жан айқайы арқылы

бастау оқырманның бойында бірден бірнеше сезімді қатар оятады: аяушылық, қорқыныш, үрей т.б. Автор әртүрлі толқындағы вибрацияның, жалпы дыбыс энергиясының адамға әсерін білгендігі байқалады. Бастапқыда дауысы жоқ екенін білмеген қасқыр маңайын үрейге бөлегісі келді. Міне, осы түрлі қарқындағы тербелісті шебер суреттеген: ұлығысы келді, ауууу... ауууу... ауууу, ұли алмады.

М.Мәліковтің «Бассыз бөрі» әңгімесінде көк бөрінің кең даланы үрейге бөлеп «ауууу... ауууу... ауууу деп ұлығысы келгенімен, басы жоқ болғасын ұли алмады. «Ұли алмай ышқынып, өз ішінен ащы өксікпен «Ей, Тәңірім...» деп сыртқа шығарғанда байқады. Көк бөрінің алғашқы сөзі «Ей, Тәңірім» деп басталды. Осы бір дауыс даланы жаңғырықтыра жөнелген. Қайта-қайта ышқынған дауысқа салды: «Ей, Тәңі-і-і-рі-ім...». Айқайға басты. «Ей, Тәңі-і-і-рі-ім...» [12, 48].

Бұл мистикалық туындыдағы көкбөрі бейнесін зерттеушілер ежелгі түркі халықтарының ұжымдық санасында берік орныққан семиотикалық бірлік ретінде санайды [10]. Ежелгі Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі ең алғаш оқылған сөздер де «тәңірі» және «түркі» екені белгілі. Бөрі – түркі халықтарының мифологиясында күшті рух пен азаттықтың символы. Түркілердің өзінің шығу тегін көк бөріден тарататынын жақсы білген автор оның алғашқы сөзін де «Ей, Тәңірім» деп беруі тегін емес. Бұл мәтіннің көркемдік сипатын арттыру үшін берілген жай сөз емес, ұлттық-мифологиялық код деуге болады. Тәңірге бағытталған бөрінің сөзі арқылы тұтас ұлттың зарын, даусын, биік рухты аңсайтын халықтың аңсарын жеткізуге тырысады. Әуелгіде даланы жаңғырықтырған дауыс, соңында ышқынған дауысқа салады. Ышқын – бұл контексте жайдан-жай болып жатқан күй емес, ұли алмаған жан азабының көрінісі, сыртқа шығуы. Бөрінің төл даусынан айрылып, ұли алмауы – өз болмысын жоғалтуы екені белгілі. Осы тұста автор бөріні қазақ халқымен байланыста алып, оның ұли алмауын тілінен айрыла жаздап отырған күйімен, сананы отарсыздандыру мәселесімен байланыста алып отыр деуге болады. Бөрінің ұли алмаса да, сөйлеу мүмкіндігінің берілуі арқылы болашаққа меңзейді, рухтың мықтылығын, оның өлмегенін бағамдайды әрі әңгіменің мистикалық сипатын күшейтеді. Шығармада тәңірмен тілдесу көк бөріге бұйырған.

Нәтижелер. Халқымыз ертеден дауысқа мән берген. Дауысында дала құдіреті шалқыған әншілердің салған әні алты қырдың астына дейін естіліп жататындығы, зор даусынан тау мен дала жаңғырығатыны сал серілер поэзиясынан мәлім. Мәңгілік, жалпыадамзаттық мәселелерді көтеріп, шығармалары уақыт сынына төтеп берумен шектелмей, қай заманда да ескірмейтін классикалық дүниелерді тудырған жазушылардың өзін халқымыз дауысы дәуірмен ұласқан қаламгерге балайтыны белгілі. Жазушы М.Байғұтқа пайымында дауыстың түсі де болады («Дауыстың түсі» әңгімесі).

Жоғарыда келтірілген әңгімелердегі дауысқа мән берсек дыбыстағанда: а-а-а-а, у-у-у, а-а-а-у-у-у- деп беріледі. Батыстық зерттеуші Джонатан Голдман дауыс овертондарын пайдаланып, энергетикалық орталықты ояту жолында дауысты дыбыстардың рөлі күшті екенін, соның нәтижесінде адам санасында өзгерістер пайда болатынын бағамдаған. Яғни, дауысты дыбыстардың тембрының ерекше болатындығына жазушылар да мән берген. Дон Кэмпбелл де дауысты дыбыстың адамның күш-қуатын арттырудағы рөліне мән бергенін жоғарыда айтып өттік. Осының өзі дауыс пен тіршілік энергиясы өзара қабысып жатқандығын дәлелдейді. Және көркем мәтіндерде мистикалық кеңістікті ашатын акустикалық кілт қызметінде жұмсалады.

Талдау нысанына алынған әңгімелердегі дыбыстық детальдардың қызметі сан алуан. Атап айтқанда, мифологиялық, психологиялық, символдық, сюжет құраушы т.б. Көркем мәтінде дауыс – жай бір акустикалық фон емес, шығарманың мазмұндық тереңдігін айқындайтын, идеялық-мағыналық жүкті көтеретін күрделі, көпқабатты көркем деталь екендігі айқындалды. Мифологиялық тұрғыдан тірі мен өлінің арасындағы шекараның бұзылуын, рухтың мазасыздануын білдірсе; психологиялық тұрғыдан кейіпкер бойындағы кінә сезімінің дабыстық бейнеге айналған көрінісі, қасіреттің ішкі жаңғырығы формасында көрініс тапқандығы негізделді. Сондай-ақ ең маңызды қызметі – әңгіменің сюжеттік желісін

ұйыстырып, композициялық тұтастығын қамтамасыз етуі. Барлық әңгімелерде әрекет дауыс арқылы өрбіп отырады. Мистикалық кеңістік тек дыбыс арқылы ашылады.

Қорытынды. Дыбыстың – су ағынындай ағып жатқан энергия ағыны екенін, сондықтан да дыбыс өзі өтетін ортаны өзгерте алатындығы ғылымда дәлелденген. Демек, әрбір дыбыс сәйкес реакция тудыратын күш болса, зерттеушілер оның белсенді және қабылдаушы күш сынды түрлерімен қатар, өзара әрекеттесу өрісін де пайымдайды [13]. Осы пайымға сай мистикалық әңгімелерде дауыс, үн, жылау, сыбыр тәрізді детальдар кінә, жалғыздық, әділетсіздік сынды ұғымдарды таңбалап, болмыстың өзіндік тілі ретінде концептуалданатындығы көрінді.

Зерттеу көрсеткендей, мистикалық әңгімелердегі акустикалық детальдар төмендегідей бірнеше қызмет атқаратындығы анықталды. Бастысы кейіпкердің терең ішкі күйін, санасына қорғасындай салмақ салған психологиялық ахуалын ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Мәтін тінінде қайталанатын үн, түн ішіндегі сыбыр, түсініксіз, кейде қорқынышты, тылсым дауыстың жүйелі естілуі – кейіпкер бойын билеген жалғыздық, үрей, кінә, күйзеліс сияқты сезімдердің акустикалық көрінісі деуге болады. Осы тұрғыдан алғанда дыбыс – кейіпкердің ішкі драмасын көрсететін психопоэтикалық құрал.

Екіншіден, әңгімедегі мистикалық фонды күшейтіп, қорқынышты атмосфера қалыптастырады. Күтпеген жерден дыбыстың пайда болуы, оның қайталануы мен жаңғыруы кейіпкер ғана емес, оқырман бойында да белгісіздік, үрей, қорқыныш сезімін үдетіп, мистикалық фонды қоюлатады. Әсіресе, түн, өлі тыныштық, бос кеңістік жағдайында өтетін оқиғаның дыбыстық салдары да ерекше болады. Дауыс – шынайы өмір мен белгісіз әлем арасындағы шекараны айқындайды.

Үшіншіден, оқиғаның шешімін астарлы түрде көрсетеді. Кейде дауыс алда болатын трагедиядан хабар берсе, кейде түйінді мәселенің шешілгенін білдіреді. Дыбыстың бәсеңдеуі, өзгеруі немесе мүлде тыйылуы ішкі тартыстың тарқауын білдіреді. Демек, акустикалық деталь композициялық жүйені реттеп, сюжеттік тұтастықты қалыптастырады. Сонымен бірге, рецепиенттің эмоционалды сезіміне әсер етіп, фобия тудыру арқылы мистиканың эстетикалық қуатын арттырады. Оқырман санасында туған фобиялық реакциялар қоршаған орта, беймәлім кеңістіктен төнетін қауіпті сезіндіріп, шығарманың әсер ету әлеуетін күшейтеді.

Ғылымда дауысқа қатысты тоника, дауыстың әуездік тербелісі, дыбыстық гармония, вибрация, дауыс энергиясы деген ұғымдар бар. Бұл ұғымдардың бүгінде көркем әдебиетте, соның ішінде мистикадағы қолданысы, рөлі ерекше. Қазіргі мистикалық әңгімелерде дауыс – акустикалық деталь ретінде автордың идеялық концепциясына орай алуан ракурста бейнеленгендігі байқалады.

Әдебиеттер:

1. Левитон Р. Дауыстың, дыбыстың қуаты және медитация. Аударған Мақсұт. // Алматы ақшамы, 2010. 21 қазан (4374). – 24 б.
2. Satylkhanova G., Tanzharikova A., Khudaibergenov N., Tokshylykova G., Taimanova S. Artistic function of detail in Kazakh prose // Opción. – 2018. – Vol. 34. – №15. – P. 1265-1294. URL: <https://dialnet.unirioja.es/descarga/articulo/7377574.pdf>
3. Аймұхамбет Ж.Ә., Миразова М.Н. Абай поэтологиясы: бейнелілік парадигмасындағы көркем детальдың қызметі // Turkic Studies Journal. 2021, Vol. 3. – №2. – Б. 7-18. DOI: <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2021-2-7-18>
4. Ахмер Б.Е., Аймұхамбет Ж.Ә., Мирзахметов А.А. Көркем мәтін құрылымындағы детальдың қызметі // Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – №2 (147). – Б. 158-166.
5. Jenny H. Cymatics: The Study of Wave Phenomena and Vibration. – 3rd ed. – Eliot, ME: MACROmedia Publishing, 2001. – 295 p. – URL: <https://www.abebooks.com/9781888138078/Cymatics-Study-Wave-Phenomena-Vibration-1888138076/pl>

6. Don G. Campbell. The Roar of Silence Healing Powers of Breath, Tone & Music-Quest Books // URL: <https://sensint.ru/articles/iscelenie-garmonikami-medicina-budushchego>.
7. Haase R. Kayser, Hans // Neue Deutsche Biographie (NDB). – Bd. 11. – Berlin: Duncker & Humblot, 1977. – 383 p. – URL: <https://www.deutsche-biographie.de/gnd118721372.html>
8. Ахметжан Т.ғұмырын қишы жасынның! – Алматы: Ан Арыс, 2022. – 484 б.
9. Мұбарак Қ. Жат құшақ: әңгімелер жинағы. – Алматы: Атажұрт, 2012. – 272 б.
10. Downes W.P. The Biblical World // Vol. 54, No. 6. The University of Chicago Press, 1920. – 624 p.
11. Дәурен Қ. Бөрісоқпақ. Әңгімелер жинағы. – Алматы: Ан Арыс, 2018. – 368 б.
12. Мәліков Мақсат. Жұмбақ кітап. Проза. – Алматы: Жалын, 2011. – 224 б.
13. Исцеление гармониками: медицина будущего // URL: <http://sensint.ru/articles/iscelenie-garmonikamimedicina-budushchego>.

Л.Т. АМИРОВА, А.В. ТАНЖАРИКОВА

Казахский национальный педагогический университет им.Абая,
Алматы, Казахстан

ФУНКЦИЯ ЗВУКОВОЙ ДЕТАЛИ В МИСТИЧЕСКИХ РАССКАЗАХ

Аннотация. В исследовании, посвященном таким вопросам, как использование и функция деталей в мистических рассказах, авторы уделяют особое внимание типам деталей. В частности, они стремятся выявить и дифференцировать роль звуковых (акустических) деталей в создании мистического фона и атмосферы посредством текстового анализа. Анализируется значение акустических деталей для разрешения напряжения в мистическом произведении и передачи психологического состояния персонажа, а также его фобий (страха, ужаса). На основе подробного анализа научных работ, посвященных этому типу деталей, подробно, с научной точки зрения, показано воздействие звука на организм и нервную систему человека. Учитывая, что Ганс Дженни, Ганс Кайзер, Дон Кэмпбелл, Мэннерс и Ричард Левитан показали положительное влияние голоса на внутренний мир человека, его мышление и общее состояние здоровья, авторы впервые проводят анализ роли голоса как детали в мистике. В результате уточняется функция звуковой детали в мистическом контексте. Учитывая, что Ганс Дженни, Ганс Кайзер, Дон Кэмпбелл, Мэннерс и Ричард Левитан показали положительное влияние голоса на внутренний мир человека, его мышление и общее состояние здоровья, авторы впервые проводят анализ роли голоса как детали в мистике. В результате уточняется функция звуковой детали в мистическом контексте.

Ключевые слова: мистика, акустическая деталь, звук, тон, тревога, страх.

L.T. AMIROVA, A.V. TANZHARIKOVA

Kazakh National Pedagogical University named after Abay,
Almaty, Kazakhstan

THE FUNCTION OF SOUND DETAIL IN MYSTICAL STORIES

Annotation. In a study focused on issues such as the use and function of details in mystical narratives, the authors pay special attention to the types of details employed. In particular, they aim to identify and differentiate the role of sound (acoustic) details in creating a mystical background and atmosphere through textual analysis. The significance of acoustic details is examined in terms of their contribution to resolving tension within mystical works and conveying the psychological state of the character, including their phobias (fear, horror). Based on a detailed analysis of scientific research dedicated to this type of detail, the impact of sound on the human body and nervous system is demonstrated from a scientific perspective.

Taking into account that Hans Jenny, Hans Kayser, Don Campbell, Manners, and Richard Leviton have shown the positive influence of the voice on the human inner world, thinking process, and

overall health, the authors are among the first to analyze the role of voice as a detail in mysticism. As a result, the function of sound detail within the mystical context is clarified.

Keywords: mysticism, acoustic detail, sound, tone, anxiety, fear

References

1. Leviton R. Dauystyñ, dybystyñ quaty jäne meditasia. Audarğan Maqsot. // Almaty aqşamy, 2010. 21 qazan (4374). – 24 b.
 2. Satylkhanova G., Tanzharikova A., Khudaibergenov N., Tokshylykova G., Taimanova S. Artistic function of detail in Kazakh prose // Opción. – 2018. – Vol. 34. – №15. – P. 1265-1294. URL: <https://dialnet.unirioja.es/descarga/articulo/7377574.pdf>
 3. Aimūhambet J.Ä., Mirazova M.N. Abai poetologiasy: beinelilik paradigmasyndağy körkem detäldyñ qyzmeti // Turkic Studies Journal. 2021, Vol. 3. – №2. – B. 7-18. DOI: <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2021-2-7-18>
 4. Ahmer B.E., Aimūhambet J.Ä., Mirzahmetov A.A. Körkem mätin qūrylymyndağy detäldiñ qyzmeti // L.N.Gumilev atyndağy Eurazia Ūltyq universitetiniñ habarşysy. Filologia seriesy. – 2024. – №2 (147). – B. 158-166.
 5. Jenny H. Cymatics: The Study of Wave Phenomena and Vibration. – 3rd ed. – Eliot, ME: MACROmedia Publishing, 2001. – 295 p.– URL: <https://www.abebooks.com/9781888138078/Cymatics-Study-Wave-Phenomena-Vibration-1888138076/pl>
 6. Don G. Campbell. The Roar of Silence Healing Powers of Breath, Tone & Music-Quest Books // URL: <https://sensint.ru/articles/iscelenie-garmonikami-medicina-budushchego>
 7. Haase R. Kayser, Hans // Neue Deutsche Biographie (NDB). – Bd. 11. – Berlin: Duncker & Humblot, 1977. – 383 p. URL: <https://www.deutsche-biographie.de/gnd118721372.html>
 8. Ahmetjan T....ğūmyryn qışy jasyñnyñ! – Almaty: An Arys, 2022. – 484 b.
 9. Mübarak Q. Jat qūşaq: äñgimeler jinağy. – Almaty: Atajūrt, 2012. – 272 b.
 10. Downes W.P. The Biblical World // Vol. 54, No. 6. The University of Chicago Press, 1920. – 624 p.
 11. Däuren Q. Börisoqpaq. Äñgimeler jinağy. -Almaty: An Arys, 2018. – 368 b.
 12. Mälikov Maqsat. Jūmbaq kitap. Proza. –Almaty: Jalyn, 2011. – 224 b.
- İselenie garmonikami: medisina buduşego // URL: <http://sensint.ru/articles/iscelenie-garmonikamimedicina-budushchego>

Авторлар туралы мәлімет:

Амирова Лаззат Табигатовна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

Амирова Лаззат Табигатовна – докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

Amirova Lazzat Tabigatovna – doctoral student of Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Танжарикова Алуа Васильевна – филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры, Алматы, Қазақстан.

Танжарикова Алуа Васильевна – доктор филологических наук, ассоциированный профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

Tanzharikova Alua Vasilevna – doctor of philological Sciences, Associate Professor of Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.